

12007  
85596

# НҰРҒОЖА ОРАЗ

Екі томдық  
шығармалар жинағы

2







# НҰРҒОЖА ОРАЗ

Екі томдық  
шығармалар жинағы

2-ТОМ

*Өлеңдер мен поэмалар*



Алматы  
"Жазушы"  
2007

ББК 84 Қаз 7-5  
О-65

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат  
министрлігінің бағдарламасы бойынша шығарылды*

**Ораз Н.**  
**О 65** Екі томдық шығармалар жинағы, 2-том.  
Өлеңдер мен поэмалар: — Алматы:— Жазушы,  
2007. — 448 бет.

ISBN 9965-815-85-2

Екінші томға ақынның әр жылдары жарық көрген жинақтары арқылы оқырман жұртшылыққа таныс таңдаулы жырлары мен тарихи тақырыпты өзек еткен “Мама батыр” һәм кішкентай қазақ ауылының Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тағдыр-талайы өрілген “От кешкен балалық” дастандары енді.

О  $\frac{4702250202-050}{402(05)-07}$

ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 995-815-85-2-(Т.2)

© Нүрғожа Ораз, 2007  
© “Жазушы” баспасы, 2007

*Бірінші бөлім.*

## **ӨЛЕЖДЕР**



### **АУЫЛЫМ – АРУАҚТЫМ**

Көктемгі бусанған жер бұласындай,  
Әлемнің бұласынан жыр асылдай,  
Жастықта жанды бұған шабытымның  
Кетіппін кеңге сілтер құлашындай.

Тап оған таласатын жан болды ма,  
Жетелеп жан тербетер сал домбыра.  
Әйтеуір айды айналып, жұлдыз бардым,  
Шапағын жайды үстіме таң қондыра.

Кеткенмін сол сапарды елден бастап,  
Шын сырды сарқып айтып берген жақсы-ақ:  
Ауылым – аруақтым арда емізген,  
Сезімді сыйлық қылып өрген асқақ.

Сол сезім ақындыққа бастап мені,  
Ауылдан әкетті алыс аспаққа ебі.  
Тетігін дүниенің білгізбекке,  
Салатын мың талқыға мақсат кебі.

Қазақтың қиян белін шыр айналып,  
Қасиет қонған жерін шырайға алып,  
Әр тауы, әр көлінен талғам тердім,  
Тұрсын деп не айтсам да шұрайланып.

Сол сапар өмір бойға жалғасыпты,  
Бүгінде сағынышым алға шықты.  
Ауылым — ару анам, арман шыңым,  
Өзіңе құрбан қылам бар ғашықты.

Ақындық “перісі” бар ылаң екен,  
Шын сүйген сезім үшін құран екен.  
Сол менің жанымды арбап алып кеткен,  
Кейінде қалып сендей бұла мекен.

Болмаса сенде өтер ем малың бағып,  
Бар тыныс, болмысыңды жанымда ғып.  
Арланбай тезегінді терер едім,  
Жанымды қыздыруға талың жағып.

\* \* \*

Жаһанның сұлуысың, қызығысың,  
Қиық көз жапондардың қызымысың?  
Күлімдеп қарағаның күн нұрындай,  
Білдірмес жыл маусымның жазы-қысын.

Өртеніп құшағыңда алау болам,  
Махаббат мейрамында жалау болам.  
Сен мені сүйе білсең, шырқап кетіп,  
Күн болам жалықпайтын қарауға мың.

### **АҒА-ЖЕҢГЕМ**

Әке-шешем тапсырып кетті ме екен?  
Әлде өздері асыл зат текті ме екен?  
Ақ қайың мен бәйтерек жұп болсын деп,  
Тәңірі өзі мейірмен екті ме екен?

Осы бір жұп аққудан жаратылған,  
Өзгелерге өнеге — дара тұлғам!  
Аға-жеңгем болуы ғажап-ақ тым,  
Ақ көңілмен ақ нұрлы таң атырған.



Ағайыны Мекке ғып шаңырағын,  
Дәлелдеп жүр бұларға табынарын.  
Жүздерінен нұр шашқан күлкілерін  
Көрмей қалған күндерде сағынамын.

Сағынамын еркелеп шықсам ба деп,  
Тағы да бір тәлімін ұқсам ба деп.  
Жаз мінезді жандарға кәрілік жоқ,  
Еркелермін тұрса да тоқсанға кеп.

Ұрпағында бұлардың арман бар ма,  
Әсері мол жанасып қалғандарға.  
Бір адамдай көретін бар адамды,  
Сәйкес келіп неше бір талғамдарға.

Нағыз қазақ мінезді аға-жеңгем,  
Байсалды деп барша жұрт баға берген.  
Көл-дария көңілдер елдің құты,  
Құт дарыса, бақ та оны таба білген.

### **ҚОС АЛЫП**

Жарықтық Бұқар жырау жайлаған жер,  
Бақ құсы ол бар кезде таймаған ел.  
Жері үшін Жасыбайдай жойқын ерлер  
Құрбан боп кетуге де байлаған бел.

Өйткені бұл арада ақыл — думан —  
Өңкей бір ұлы тұлға ақын туған.  
Ой-орам ұласыпты ұлылармен,  
Баян тау — бабында ылғи батыр тұлғам!

Шоң, Шорман — сол құт жерге айғақ кері,  
Баянды бауыр басып жайлапты елі.  
Қарадан хан боп туған қос алыпты  
Даңқына байрақ қылып байлапты елі.

Ер босап қалғандайын айылдан да —  
Хандарды қайратынан айырғанда,  
Отаршыл аждаһаның алдын алған,  
Даң қылып далаға заң жайылғанда.

Халқына ара түсіп, қамын ойлап,  
Заманға сай ататын таңын да ойлап,  
Қазақтың дана ойын қару еткен  
Кетпеске келімсектер салып ойнақ.

Тұлғалы тарландардың бар екенін,  
Бұл халық кесек сөзге дара екенін,  
Танытқан тұлған тұтқан жандаралға —  
Бағынбас оңайлықпен дала екенін.

Отты ауыз зеңбірекпен ордандаған,  
Найзалы мылтық кезеп олжа аңдыған,  
Барыстай басқыншылар жұтынса да,  
Оп-оңай олжа етпеген ордамды оған.

Халқы мен жерін қорғап — қыбын тауып,  
Төнсе де өз басына қатер-қауіп,  
Шоңдығын кесектікпен танытыпты  
Тар кезге еркіндіктен өтерде ауып.

Тіксініп той үстінде, заңғар бабам,  
Деп жүрме: “Бұрын қалай аңғармаған?”  
Айтатын енді ғана күнім туды,  
Беріліп отыр бүгін талғам — бағаң.

\* \* \*

Күпсініп,  
түксініп орындықты нығарлап,  
Кәртайған сұсты иттей көз алды тұмандап,  
Отырады ой туып келе жатпаса да қылаңдап,  
Қонғаннан соң алдамшы бір бұлаң бақ.  
Тіл қатуға сараң.  
Айтқан сөзі де жалаң.  
Үндемегені дұрыс  
ой барлаған жандай тарам-тарам.  
Мен соларға қайран қалам.  
Өмірдегі ұйтқыған  
Аласапыранға болмайды-ау алаң.  
Оған бәрібір

Тау талқан боп,  
дүние қалып жатса да қараң.  
Жолы болғыш сондайлар,  
Қайран халқым-ай,  
бойыңа біткен бітеу жараң.

### **АЙҚАСАМЫН**

Есінде болсын, достым, қиял емес,  
Өмірмен өтіп жатыр қиян егес.  
Қиялымның қанатын қақтырмаса,  
Қырсықтарын қат-қабат тыяр емес.

Өмір деген өксiк жел тәрізденiп,  
Екiлене соғады дәлiзге енiп.  
Жаңалықты жария ете тұрып,  
Ескiлiкке бастайды кәрi iзденiп.

Қай жағымнан күбылып соқса дағы,  
Жүрегiмдi жұлқылап тоқша ұрады.  
Бет-бағдарын бiлгенше ұйытқып өтiп,  
Жалт еткен үмiтiмдi жоқ қылады.

Арбасамын бәрiбiр, айқасамын,  
Сынып түсiп айқастан қайтпа, сағым!  
Ел үмiтi үдесе өртпенен тең,  
Тамыздыққа жарасын айқас шағым.

Ел шадамы қыл арқан болса дағы,  
Үзiлуге шақ қалып толғанады.  
Сол қиналыс миымды жегiдей жеп,  
Ауырлық та арқамда тонналады.

### **БАЯНАУЫЛҒА БАРҒАНДА**

*(Немерем Маралдың айтуынан)*

Ұзақ-ұзақ жол жүрдiк,  
Ұзап кеттiк ауылдан.  
Ертектi ойға толтырдық,  
Терiп Баян тауынан.

Әр тасында бір терек  
Қонып, тұрып қалыпты.  
Жан бітірсең бұлар тек  
Ұйытады халықты.

Мыстан кемпір, хас батыр —  
Жасыбай да осында.  
Тарих тұнып таста тұр,  
Таңданасың тосынға.

Толған қызық тауында  
Табиғатқа табындым.  
— Қайтайықшы ауылға,  
Ақ мысықты сағындым.

### **ЕГІЗ ШУМАҚ**

Жыландай жылжып, сырғып жыл өтеді,  
Мысқалдап мезгілді ұрлап күн өтеді,  
Гүлзарын мәпелеген бағбандай  
Ұстаздар жас ұрпақты түлетеді.

Бірігіп бас қосқан соң бағылан топ,  
Бекиді оқу орның жанұяң боп.  
Алдыңнан ашылады білім —теңіз  
Таусылмас телегей бір дарияң боп.

### **АНАШЫММЕН ӘҢГІМЕ**

Соғыс салған теперіштен шаршаған,  
Баласының бақыт таңын аңсаған,  
Күбірлейді дұға оқып тұрғандай  
Теледидар алдына кеп қарт анам.

Қараймын да қайран қалам анама,  
Ақ жаулықты, ақ самайлы данама.  
Санасынан суыртпақтап сезімі  
Соғыс жылғы сұмдықты еске ала ма?

– Айналайын жақсы лепес созыңнен,  
Болып ек қой ботасы олген боз інген.  
Бейбіт күнді қорғағаның – батырлық,  
Төбеңе жер көтергендей тозіммен.

– Кімге айтасыз, кімді айтасыз батыр деп?  
– Қастерлі сөз құлағыма жатыр кеп.  
Көп жасағыр, “бейбітшілік” дейді ылғи,  
Бетті сүйіп, көңіл желпіп батыл леп.

– Біздің елдің басшысы ғой бұл балаң.  
– Айтқандары ұлы сөз боп ұнаған,  
Аман болсын бақытына халықтың,  
Бастай берсін өздеріңді ғұламаң! –

Деп түйіндеп ақ тілегін жан анам,  
Болашаққа пәк сеніммен қараған.  
Тыныштықты қорғаймыз деп тұрғандай  
Теледидар ішіндегі бар адам.

### **КЕШЕГІ ДОС БҮГІН КІМ**

Көңіл мынау кок мұнарға комілген,  
Дос таба алмай отемін-ау өмірден.  
Күзгі боран секілденіп айналам,  
Көз жазамын қара-құра өңірден.

Кешегі дос бүгін әлдекімдейін,  
Бұлт астынан сығалаған күндейін,  
Бейтаныстай бежірсейе қарайды,  
Дос па, қас па – қай межде үндейін?

Көптің бірі деуге арым бармайды,  
Жүректегі досты өшіру – бар қайғы!  
Адамзаттың азған кезі осы ма?  
Болашаққа қайтіп үміт жалғайды?

Әлде менің халім жұрттан жалғыз ба?  
Тікен болды-ау теңсегенім жалбызға.  
Көңлімнің көк дөнсені, сүрінбе!  
Айналмаса болды

атар таң мұзға.

## ӘЛИЯ

Қыр гүлімен бірге өскен  
Қырмызының өзі еді.  
Бозторғаймен тілдескен  
Балқып тұрып өзегі.

Еркіндікті даладан  
Ерте үйренген еркелеп.  
Даланы тек қалаған  
Бақыт басы елде деп.

Қайсарлықты қақаған  
Арқа қысы ұқтырды.  
Ұл боп тумай атадан,  
Жігерін тек от қылды.

Қарлығаның сіндісі  
Батыр жырдан өрбіген.  
Ақындардың жыр құсы  
Әлемді аңсап өрлеген.

Нәзіктік пен қайсарлық  
Қат-қабат кеп табысқан,  
Шапшаңдық пен жайсаңдық  
Бастау алған ағыстан.

Сұлу мүсін сұңқардың  
Теңі екенін ұқтырған.  
Тұяғы боп тұлпардың,  
Таптап жауын ықтырған.

Өттің, апа, өмірден  
Жасын болып жарқ етіп.  
Жас құрбыңды көңілмен  
Сүйе алмадың жар да етіп.

Махаббатта Баян боп  
Қалар едің мәңгілік.  
Сұлулығың аян боп  
Аймалар ед таң күліп.

Бар қазақтың жүрегі —  
Жұмақ сенің бейнеңе.  
Сен — батырлық тірегі,  
Атың өсті гүлдене.

## **СӘУЛЕ ШАШЫП**

Сәуле шашып тұрасың,  
Түсірердей Айға нұр.  
Сол затыңа тым асыл,  
Атың да сай, жайна кіл.

Жарық сәуле ғаламға  
Қос көзіңнен тарайды.  
Жылу беріп заманға,  
Таң атыршы арайлы.

Көңілдері ақ қардай  
Сендей жандар көп болса!  
Гүлге оранған бақтардай  
Жарқын адам топталса!

Заман дағы гүлдер ед  
Серпіп қара түнекті.  
Қуанса жұрт гүлді елеп,  
Танып нәзік тіректі.

## **НЕМЕРЕ АҒАЙЫМ НҮРЖАНҒА**

Танданатын едім мен ағайыма:  
Нұр сепкендей  
                            жадырап маңайына,  
Күлкі басып жататын,  
                            өзілі от боп,  
Найзағайдай тиетін талайына...

Талайлары келетін ақыл сұрап,  
Қойған болып кейбірі батыл сұрақ,  
Кейбіреуі тақпақтап әлденені,  
Арзан сөзбен көрінбек ақын-сымақ.

Тілін тауып соларды табындырып,  
Әрқайсысына ақыл сөз тағындырып,  
Түспалдап кеп жұмбақтап сөз жүйесін  
Саралайтын сыр түбі бағын біліп.

Жылағанды жұбатты жөнін тауып,  
Ара түсті тұрса да төніп қауіп.  
Төнеп жүрді есесі кеткендерді,  
Жарылқады тұрғанды көңілі ауып.

...Ығып жүріп, дер шағы қиянда өтті,  
(Сөйтерсің де тұтатса ұянда өртті)  
Таңба қылып маңдайға басқан жоқ па  
“Ағаларың жау!” деген қияң дертті.

Сырғытатын сол “дерті” елден-елге,  
Дәм таусылмас қияннан терген ерге.  
Қоштасарда дос болып үлгергендер  
Қимай құшып, жан сезім тербелген де!

Жат жер солай сыйлады азамат деп,  
Нәсіліндей тұлпардың қазанат деп.  
Көңілінде көмескі түйткілі жоқ,  
Құдай өзі жаратқан таза зат деп.

Мен соларға куә боп соңына ергем,  
(Асып жатты жырақта соры белден.)  
Не бір әдет-ғұрып та, сөз саптас та,  
Ойды астарлап сөйлеу де содан келген.

Кесек алтын секілді қазақтығы,  
Мөлдір гәуһар секілді таза ақтығы.  
Тұрып қалды сол күйі пәк жадымда,  
Басылмаған мінездің соры белден.

Өтті жылдар араға сағым құрып,  
Аға орынын аңсауға бағындырып.  
Туыстықтың тұтқасы сонда еді,  
Жанымды өртеп, қояды сағындырып.



**ҚАЙДА КЕТКЕН ҚЫЗ ҚЫЛЫҚ**

Асығыс па мына қыз арпаң-тарпаң,  
Жүрісі мен бой-басы алқам-салқам.  
Бір кездегі бой жеткен сып-сыпайы  
Қыздар еді-ау осылар жаны дарқан.

Соғып кетті кердендеп иығымен,  
Атып кетті көзінің қиығымен.  
Көсем бөкен тәрізді жасы жетіп  
Мүйізделген болдым-ау киігінен.

Күлейін бе, япырмау, жылайын ба,  
Запыранмен іштейін тынайын ба,  
Мына заман мындарды мәңгүрт қылды,  
Көрдік енді қыздардың бұлайын да.

Нәзіктіктің гүлденген сыңайы жоқ,  
Жалақтайды нәпсінің құмайы боп.  
Өзі іспетті жұлқынып ақша аулаған  
Бір қу күтіп отыр-ау құдайы боп.

**ЖАС ӨСКІНДІ ЖҰЛМАШЫ**

Жас өскінді, жас гүлді жұлма, балам,  
Тентек болар жас гүлді жұлмалаған.  
Жастың бәрі жетіліп толса ғана  
Туған жерді ұлы етіп тұлғалаған.

Тұлғалану сол гүлден басталады,  
Өсіп, толу — негізгі жас талабы.  
Жас жетіліп ер жетсе жұлмаланбай,  
Елің дағы ел болар асқаралы!

Сабағынан жас гүлдің жұлынбағы —  
Жетімдікке сәбидің ұрынбағы.  
Көрмейсің бе көргенсіз нәпсі құлы  
Жетім етті қызын да, ұлын дағы.

Жұлып тастап аналық көкіректен,  
Әкелікті әдет қып өкіметтен,  
“Детдом” деген сұмдықты толтыруда,  
Қаскүнемдей сәбиде өші кеткен.

Тыйым керек, күш керек бұзықтарға!  
Бұл өмірде сәбисіз қызық бар ма?  
Сол сәбиге жендеттер сотталмайды,  
Жүзі жайнақ қағады тұнықтарда.

### **БІР ҚАРЫНДАСҚА**

Орғып-орғып сөйлейсің,  
Ор қояндай жалтарып.  
Өктем-өктем сөйлейсің,  
Өрт тигендей бет қарып.  
Қай сөзіңді ұстайын,  
Ағалық жол атқарып?

Тойтандаған тіліңді  
Соға берме арқан ғып.  
Ағаңның бұл шыдамын  
Сындырарсың талқан қып.  
Еркелесең егер сен,  
Қылықтылық қалпыңды  
Таныт, жұртты аң-таң ғып.  
Әйел — нәзік гүл десек,  
Сен — атылған бір кесек,  
Жараспайды тарпандық.  
Құрбыларың қасында  
Мағынасыз күлкіңе  
Ұятын отыр қалқан ғып.  
Әдемі әзіл орнына  
Нойыс мінез қонды ма,  
Оларды қойдың жаутаң ғып.  
Түсі игіден түңілмен,  
Түсініссек тұрар ед,  
Тіліңнен нәрлі бал тамып.  
Арылар ма бойыңнан

Менмендіктей содырың  
Орнығып та алған нық.  
Сырт пішін мен мінсзді  
Кереғар ғып қойғаны-ай!

### **ЖҮЛДЫЗЫМДЫ АСҚАҚТАТ**

Айым менің, жұлдызымды асқақтат,  
Биіктерден биіктерге бастап бақ.  
Жұлдызымды қапы кетіп ағызба  
Жұрт алдында жаңылысып жасқап қап.

Өйткені сол жұлдыз саған сыйлығым,  
Екендігі дәлелденген күй бүгін.  
Қаншалықты жарқыраса нұр жүзім,  
Қабылдадым де  
тәңірдің бұйрығын.

Дүниенің ашқан күні есігін,  
Тұңғыш рет тербелгенде бесігін,  
Төбеңде бір жұлдыз тұрған жарқырап,  
Өлшем үшін соған тең боп өсуің.

Жақындатып әрбір сәтті қадамың,  
Жауқазынын жарқыратып жағаның,  
Айнакөл боп аймаладың жұлдызды,  
Тәңірі ісі — бақыт сепкен талабым.

Сол талпыныс Ай, жұлдызды қосқан да,  
Қызғанышты көргем нағыз достан да!  
Табиғатта тапшы сол бір бақыттың  
Өтер жолын Батыраштар тосқан ба?

Қызыл жебе қызғаныштан атылып,  
Қалып жатты дарыта алмай аһ ұрып,  
Көре алмаған көрсоқырлар қақталды  
Өкініштің өрті жайлап қапырық.

Маңдайыңа басқан жұлдыз бәрінен  
Биік болып бақыт төкті нәрімен.  
Қастық, достық, қастандықтар пенде ісі,  
Әркім ақтар келген істі өлінен.

Ал бізге ортақ мүлдем басқа олардан —  
Нұжұмақтан жер бетіне оралған  
Асыл сәуле махаббаттың жұлдызы,  
Бізге келіп бір мезгілде қона алған.

Сол бір асыл сезім — сәуле әулием —  
Бұл өмірден бойға біткен бар кием.  
Қос жұлдыз боп үл-қызымыз жанып тұр,  
Тарту етіп немерелер әлдиін.

### **БІЗГЕ ОРТАҚ БӘРІ ДЕ**

Бір нәрсені тындырсам, сені ойлаймын,  
Бақытымды бөлісер көлім айдын.  
Мені ойткені өбектеп отырғанда,  
Туындайды сен жақтан дені ол жайдың.

Шабыт деген шағала теңіздегі,  
Ақшабақ қып ілуге сені іздеді.  
Қоңіл деген көл-көсір қиян теңіз  
Небір тұнық ойлардың негіздері.

Сол көңілдің қожасы өзің ғана,  
Мені аймалап сүйетін сөзің дана.  
Шабыт шәлкес шығандап кеткен шақта,  
Қайта оралтар қажырлы төзім ғана.

Сен солардың бәрін де бағып өстің,  
Таласуға түсе алмай бағыңа ешкім,  
Ерке шабыт тетігін сен басқардың,  
Соны сезіп, жыр болып ағып естім.

Сондықтан да тынған іс саған тәнті,  
Өз үйінен басталмақ адам даңқы.  
Сен мақұлдап, жақсы деп қол қойған іс  
Қабылдайтын секілді әлем халқы.

Өр тындырған ісімді сен бөлісіп,  
Ауырлықты тең бөліп өңгерісіп,  
Қолшатырдай бір бақыт астында біз  
Келеміз көп жылдарды көмкерісіп.

### **НЕМЕРЕМДІ КҮТКЕНДЕ**

Миымдағы мың сан ойды ықтырып,  
Көтерілер көңілді де бүқтырып,  
Сол қарбалас ішіндегі Айжаным  
Көз алдымда күлімдейді тік тұрып.

Әуе айналып жерге түскен ыстықтан,  
Мезі болып қапырықтан қыстықсаң,  
Кешкі самал жетіп, жаның жай табар, —  
Сол жансаям Айжаным деп құштым сан.

Айжанымды аймаласам — бақ құшам,  
Көңілімде көкке өрлейді жақсы ән.  
Жұмақ гүлі жұпар сыйын арнаған  
Немерелік иісіне асыққам.

Сағынышпен жете сала асығып,  
Балапаным мойыныма асылып,  
“Ата!” десе, арман шыңын аламын,  
Жанарымда жас тамшысын жасырып.

Тағдыр солай таланыма жазыпты,  
Бұл қайғыма дермін кімді жазықты?  
Немеремді күтуменен күн өтіп,  
Содан табам жанға дәру азықты.

### **МАРАЛДЫҢ СӨЗІ**

*(Әжесін мерейтойымен құттықтауы)*

Әжемнің әжелігі тойланады,  
Айнамен сөйлесіп ол ойланады.  
Апама, бірде маған кезек қарап,  
Көрініп түр біздерге тоймағаны.

Менен ол балалығын іздей ме екен,  
Апамдай жастық отын үзбей ме екен?  
Әжелік атағына сай келетін  
Қоңілі жемісі мол күздей ме екен?

Әйтеуір, абыржиды бізге қарап,  
Табысын түр ма әлде бізбен санап?  
Көзінен өтіп жатыр әлде оның  
Жасында орындауға тізген талап?

Мен бүгін әжскемді құттықтаймын,  
Құттықтап, қуанышты ұттық дәйім.  
Мерейтой мерекеге ұлассыншы,  
Жылдары зырлап өтіп ұршықтайын!

Мен саған қуаныштан шашу шашам,  
Қолтықтап алдындағы асуда сан.  
Көркінді көнелікке жібермейміз,  
Бағасын жоғалтып ед асыл қашан?!

\* \* \*

Мен қатардан қалып бара жатқанда,  
Ақ сұңқардай қанат жайған ақ таңға  
Самғап келіп сүйеу беріп кетеді —  
Сол достық іс артық екен бақтан да.

Сүйегенін маңдайға ұрып айтпай-ақ,  
“Мен сөйттім” деп жұртқа жаймай  
айқайлап,  
Сездіреді сынайымен қабақтың,  
Сезінеміз бізге қонған бақтай-ақ.

Қарапайым қазақ мінез қалпым бар,  
Менен қандай жақсылық бар артылар?  
Бірақ ол да бір ғанибет ала ма,  
Маған қарай ғадеті бар талпынар.

Әлде менің аппақ ашық пейілім,  
Пәк достыққа парасаттық бейімім,  
Адалдықты аңсап өскен жанына  
Дәл келе ме даңғазасыз кей үнім? —

Әйтеуір, ол аңсап мені тұрғандай,  
Өзі келіп зор тұлғаға бұлданбай,  
Өзімдей боп, өзіміз боп кетеміз,  
Біз айтпаған, біз шертпеген сыр қалмай.

Сондай достан мың айналып іштейін,  
Қашан болсын тәубамнан бір түспеймін.  
Бар ғұмырда іздеп тапқан бұл достық  
Сейілімесін рауан кешкен түстейін!

### **ТӘУБА ДЕҢДЕР, АҒАЙЫН**

Тәуба деңдер Аллаға, ағайындар!  
Пайғамбардай алдында Абайың бар,  
Сананы үңгіп сен үшін өмір кешкен  
Дауысында иманды арай үн бар.

Даналықты даладан терген халық,  
Абайына сол ойды берген халық.  
Дана сөздің қадірін жанмен ұғып,  
Хан көтерген пәктікті елден алып.

Серт сынбасқа жанын да қия білген,  
Терең ойды сәт сөзге құя білген.  
Өндірмесе қаруды, өндірмесін,  
Қантөгісті бір сөзбен тыя білген.

Завод салып, жер жыртпай өмір кешті,  
Сар далада самалмен көңіл де өсті.  
“Санаторий” деп жүрген сайраныңның  
Жеті ай жазда жұпарын тегін кешті.

Малы — алдында, ойында — ақындығы,  
Қиыстыру хақ сөзді ақылдығы.

Сандуғаш пен аққуға әнін қосып,  
Жаһан жерді қорғауы батылдығы.

Оқ орнына сөз садақ безей білген,  
Дүлсей күшке білегін безендірген.  
Қантөгіссіз келісер кезеңдерде  
Алғыр ақыл семсерді тежей білген.

Сол ақылды, сол сөзді бір басына  
Даналықты мүсіндеп тұлғасына,  
Абайына қазағым жиып беріп,  
Жол ашыпты уағызы тынбасына.

Біз білетін Абайды басқа халық  
Жүрсе деймін саф сөзін жаттап алып.  
Әлемдегі даналар қатарында  
Тұрар еді мүсіні асқақ, анық.

\* \* \*

Зар төгілді-ау жүректен, зар төгілді-ау,  
Зар уынан қақырап жар сөгілді-ау.  
Жартасты да қақ бөлер найзағайдай  
Улы зарға көнбісті ар көмілді-ау.

Кім тыңдайды, кімім бар сенетұғын,  
Жан азабын сәулелеп жеңетұғын?  
Әлде осы зар  
ертрек жақындатты  
Демім тоқтап – кезімді өлетұғын?

Жұртым тыңдап жатқан жоқ ақылымды,  
Естісе де елемес ақырғы үнді.  
Елеуреген елірме жел секілді  
Ақын түгіл, аямас батырыңды.

Күліп тұрып қарайды көзін қадап –  
Өзі күліп тұрса да сөзі садақ.  
Өңкей осы сатқындар сардар болып,  
Соншама жыл сарсаңға төзді қазақ.